

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 14-02-3133
15 11 2021 ж.

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА


Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2021 жылдың қараша айының 19 күні «Желтоқсан-Тәуелсіздік бастауы» атты аудандық сценарий байқауы өткізілетінін хабарлайды.

Аудандық байқауға қосымша білім беру педагогтары және педагог-ұйымдастырушылар қатыса алады.

Байқауға қатысушылардың өтінімі мен материалын аудандық білім бөлімінің әдіскері Г.Ногайбаеваға ағымдағы жылдың 18 қарашасы күні қағаз түрінде өткізуді тапсырады. Мерзімінен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 парақта (ереже)

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің
әдістемелік кабинет меңгерушісі



К.Медеров

Аудандық «Желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы» атты желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай ұйымдастырылған сценарий байқауының өткізу ережесі

I. Жалпы ережелер

1. «Желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы» атты сценарий байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

Байқаудың мақсаты:

Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, олардың өмірін, ерлігі жайында түсіндіріп, батырлығын насихаттай отырып, сценарий бетіне түсіру.

Байқаудың міндеттері:

- дарынды педагог-ұйымдастырушыларды тану, оларды қолдау және қосымша білім беру педагогтарын мадақтау;
- қосымша білім беру мекемелеріндегі педагог-ұйымдастырушылардың, қосымша білім беру педагогтарының жұмыстарындағы тәжірибелерді кеңінен тарату;
- мамандардың өзін-өзі жетілдіруіне, олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға жағдай жасау;
- қосымша білім беру мекемелеріндегі қосымша білім беру педагогтарының жұмыстарындағы тәжірибелерді кеңінен тарату.

2. Байқау Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының тапсырмасы бойынша өткізіледі.

3. Байқаудың әділ қазылар құрамын Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі қалыптасытрады.

II. Байқауды ұйымдастыру уақыты

Аудандық байқау 2021 жылдың 19 қарашасы күні сырттай өткізіледі.

Байқауға қатысушылардың өтінімі мен материалын аудандық білім бөлімінің әдіскері Г.Ногайбаеваға ағымдағы жылдың 18 қарашасы күні қағаз түрінде өткізуді тапсырады. Мерзімінен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

III. Байқауды өткізу шарттары және тәртібі:

1. Байқауға мағынасы жағынан жазылған «Желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы» тақырыбындағы сценарий ұсынады.
2. Сценарий жазудың бағалау өлшем шарттары

(сценарий жазудың қағидалары, реттілігі):

- Сценарийдың басталуы;
- Сценарийдың дамуы, өрлеу шыңы;
- Шарықтау шегі;
- Соңы, /финал/

IV. Байқау қатысушыларын марапаттау:

Байқаудың қатысушылары I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады. Аудандық байқаудан жүлделі орын алған екі жұмыс облыстық байқауға ұсынылады. Байқау нәтижелері мекеме рейтингісіне қойылады.

Аудандық «Желтоқсан-Тәуелсіздік бастауы» атты сценарий
байқауына
қатысу туралы өтінім

1	Білім беру ұйымы	
2	Қатысушының аты-жөні	
3	Қызмет орны	
4	Лауазымы	
5	Еңбек өтілі	
6	Байланыс телефоны	
7	Электронды поштасы	